

А.А. ӘЛІМЖАНОВА

КИІЗ БАСУ ӨНЕРІ

Халқымыздың замандар бойы жасап келе жатқан материалдық және рухани мәдениеті ұлттық тілімізде таңбаланған. Көшпелі тұрмыс салтының экономикалық құрылысының ерекшелігі қазақтар өмірінде рулық, халықтық этникалық ескерткіш мөнін алған материалдық және рухани мәдениет саласындағы бірқатар ерекшелігі бар құбылыстардың пайда болуына әкеп соқтырды. Мұндай құбылыстардың қатарына киіз басу өнерін толықтай жатқызуға болады [1, 191].

Киіз басу жұмысына негізінде әйелдер қатысқан. Ал оны білектенге, тебуге жігіттерді, балаларды да қатыстырған. Бұрынғы тұрмыста қазақтың әрбір әйелі киіз басуды жетік меңгерген. Бұл жөнінде ХІХ ғасырдағы қазақтар өмірі жөнінде жазған М. Красовскийдің, И. Я. Словцовтың еңбектерінде айтылады. Мәселен, М. Красовский «...Қазақтар қыздарды жас шағынан іс тігу, өрмек тоқу, киіз басу т.б. үйретеді, өсе келе олардан мұның бәрін талап етеді», – деп жазады [2, 110]. Ал И. Я. Словцов: «Қазақтар киізді тамаша тапқырлықпен өте тез және сапалы етіп басады. Бұл жөнінде орыстың киіз басушылары олармен жарысқа түсе алмайды», – деп қазақтардың киіз басу шеберлігі өте жоғары дәрежеде болғанын айтады [3, 71].

Өңделген жүннен түрлі тәсілдерді қолдана отырып киіз жасап шығару ісін **киіз басу** деп атайды. Киіз басу үшін алдымен сабалған үлпілдек жүнді **шиге салып** (сабалған жүнді ұзындығы мен ені сай келетін киіз жасау үшін ақ шиге бірдей етіп, тегістеп төсейді. Бұл сабалған жүнді **шиге салу** деп атайды), шыбықтап жаймалайды, яғни киіздің ішкі бетіне арналған жүн **шабақталады**. Жүнді шыбықпен жаймалау **шабақтау** деп аталады. Бұл істі екі адам атқарады. Кей жерде мұны **жабдықтау** дейді.

Осыдан кейін шабақталған жүннің үстіне **бет тартылады**, яғни киіздің оң жағына арналған неғұрлым таза, әдемі жүнді сол қолымен уыстап алып, әлгі шабақталған жүннің үстіне салып отырып, оң қолдың қырымен басып қалып, үзіп қалдырады. Үзілген жүн бірімен-бірі жалғасып, біртегіс болып төселе береді. **Бет тартуды** бұрыннан машықтанған, жүн тартудың шебері деп танылған әйел ғана орындайды. Себебі екі-үш адам бет тартса, жүн ала-құла тартылады да, киіз біркелкі болып шықпайды. Бет тартуға машықтан-

ған адам киіздің қалың жақталығын бір қолымен-ақ сезіп отырады. Кей жерде мұны **жүн тарту** деп атайды. **Жүн тарту** – шабақталған жүннің үстіне ақ жүн шүйкесін біртегіс етіп, қатарлап, үзіп жатқызып шығу. Ол үшін ақ жүннің бір бөлігін алып жұмырлап, шидегі шабақталған жүннің бір басынан бастап үстіне тартады. Жүн тарту шабақталған жүннің үсті толғанша жүргізіледі. Жүннің бір жері қалың, бір жері жұқа болмай, тегіс тартылуы қажет. Сондықтан жүн тартуды ысылған, шебер әйелге тапсырады. Жүн тартушылар басылатын киіздің түріне қарай жүнді қалың не жұқа етіп тегістеп отырады. Мәселен, туырлық пен үзікке 6-7 см қалыңдықта жүн тартылады. Сырмақ киіздеріне 4 см шамасында жүн салынады. Ал үзік және сырмақ киізіне асты-үстіне бірдей ақ жүн салынады. Астарлық киіздерге кер қызыл жүнді жұқалап қосып барып басады [7, 96-97].

Киіз сырмаққа арнап басылса, оның астыңғы бетіне бозғылт, қызыл түсті жүндер шабақталады, бетіне ең әдемі **жүн тартылады**. Сырмақ киізі **жұқа басылады**, өйткені киіз **қалың басылса**, сырмақ астарланып сырыла келе ауырлап кетуі мүмкін. Сөйтіп киіздің үстіңгі беті тартылған соң, жүннің біркелкілігін байқау үшін тағы да бір рет жүріп өтіп, киізді **алақанмен басып көреді**. Жұқа жеріне **жүн қосады**, қалың жерін **жаймалап жұқартады** [8, 49].

Киіздену – себелеп құйған ыстық судың әсерінен шабақталған жүн мен тартылған жүнді бір-біріне қосып жабыстыруы, жүннің өзара кірігуі. **Су себу** – жаймаланған жүн бетіне және шиге оралып жиналған жүнге әлсін-әлсін ыстық су құю. Әдетте, ши бетіне салынған жүннің біркелкілігіне көз жеткізген соң, ыстық су әкеліп сүзгімен яки шөміштің сырт жағымен шашыратып шидің бір жақ шетінен бастап себелеп шығады. Шашырата құйылған ыстық су өз салмағымен жүнді басып, шабақталған жүн мен тартылған жүнді бір-біріне жабыстырады, яғни осылай еткенде, жүн кіріге бастайды. Су себіле баспасымен қатар отырған 3-4 әйел басылып жатқан жүнді қабаттай шиыршықтап, ескен сияқты етіп жинап отырады. Шиді ширатып ораған сайын қайта-қайта ыстық су құйылып отырады. Осы әдіспен жүн тартылған ши орала жиналып болған соң, оны сыртынан жіппен жұмырлап бай-

лап, ортан белінен бір-екі жерден арқанды өткізіп алып, екі басын тұйықтап бос салып қояды. Бұл технологиялық тәсіл шиыршықталып жатқан шиді домалатып сүйрету үшін қажет. Міне, киіз басудағы осы жұмыс **су себу** деп аталады.

Киіз тебу – арасына жүн салынып оралған әрі сыртынан байланған шиді әлсін-әлсін ыстық су құя отырып, бір топ адамның домалатып тебуі. Бұл жұмыс былай атқарылады: шиыршықталып, оралып байланған шидің өн бойын бойлай 10-12 адам қатар жүріп келе жатып шиге ораулы киізді аяқтарымен теуіп отырады. Бұларға қарама-қарсы бір немесе екі адам екі ұшы тұйықталған арқанмен шиді алға тартып, өзіне қарай домалата сүйрейді. Киізді тебушілерге қарама-қарсы тұрған адамды **қой бастар** дейді. Киіз әбден қатайғанша оны киіз басылып жатқан үйдің маңында домалатып, бір топ адам екі аяқпен кезек-кезек теуіп отырады. Мұндағы басты нәрсе: киіздің бойында тепкі тимеген жер қалып қоймауы керек. Олай етпеген жағдайда киіздің бір жері кірігіп, бір жері кірікпей босап, жүн сол қалпында да қалып қоюы мүмкін. Ондай жер кейін тесік болып қалады.

Киіздің ою салынған түрі **текемет** деп аталады. Егер басылып жатқан киіз жай киіз емес, текемет болса, бір сағат ары-бері домалатып тепкеннен кейін шидің орауын жазып, киіз бетіндегі өрнекті түзетіп алып, оны қайта орап, тағы да бірсыпыра уақыт домалата отырып теуіп шығады. Киіздің қай түрі болса да **киіз тебу** уақыты 2 сағаттан 3 сағатқа дейін созылады. Халық тәжірибесінің көрсетіп отырғанындай, киіз неғұрлым көп тебілсе, соғұрлым шымыр, тегіс, бірсыдырғы әдемі болып шығады да, ол киіз көп уақытқа дейін қожымайды да, түтілене бермейді де.

Қазақ тұрмысында киіз тебу бір ауылға ортақ жұмыс болып саналған, өйткені бұл жұмысты бір-екі адамның атқаруы қиын. Сондықтан бұл жұмыс көпшіліктің қатысуымен орындалған. Киіз тебушілер домалатып тепкен киіздерін қадірлес отаулардың сыртына апарып, «қой басты, қой басты» деп өзілдейді. Ал ол үйдің иесі реті келсе қой сойып, болмаса қымызбен яки құрт-май алып шығып, киіз тебушілерді қонақ еткен. Мұндай өзіл жарасымды базына болып кеткен. Киіз басу жарасымдық өзіл, ойын-сауықпен өткізілген [8, 51 б.].

Булау – киіздің тебуі жеткенде киіз оралған шиді шешіп, шиыршықталған киізді жазып, асты-үстің ауыстыра отырып 3-4 рет шиыршықтап бүктеп, екі басын түйістіріп көктеп алып, тағы да ыстық су құйып сығымдағаннан кейін

үстің тонмен, күпімен жылылап жауып тастау. Бұл әдіс **кірлеу** деп те аталады. Киізді осылай булағанда ол бөрткен дән сияқты біраз ісінеді. Буланған киіз сол күйінде бір, бір жарым сағат бойы жатады. Осы уақыт аралығында киізшілер тамақтана отырып, басылып жатқан киіздің сапасы туралы өз ойларын ортаға салады, киіз бастырушыға жақсы тілектер айтады.

Білектеу – булаудан шыққан киізді әрлі-берлі домалата отырып білекпен басу. Кеңірек айтқанда, ыстық су әсерінен болбырап жатқан киізді шешіп алып, қайтадан ширатып, жіппен шандып байлайды. Қатарласып отырған киізшілер ши үстінде көлденең жатқан киізді өздеріне қарай бір мезгілде жұлқа тартып алып, тізесіне соғып, білектерімен ұрып басады. Киізді ары-бері домалатып білектегенде үнемі бір жердегі жіптен ұстай бермей, ауыстырып отырып білектейді. Осылайша үш-төрт рет ауыстырып білектеген соң, оны шандуынан жазып, әрі-бері созғылайды. Одан әрі **қарпу** әдісі қолданылады.

Қарпу – қусырылған киізді әр жерінен қысып ұстап, бірнеше адам болып біресе оңға, біресе солға қарай серпу. Білектеліп болған киіз ұзынынан екі қабатталып бүктеліп, оның екі басы бір-біріне түйістіріле шуда жіппен көктеледі. Киіздің шет-шеті де ұзына бойына көктеледі. Сонда киіз шұжық сияқты қалыпқа түседі. Киіз басушылар осы дөңгелек киізді ақ шидің үстіне салып, өздері айнала отырады. Олар қусырылған киіздің әр жерінен қамти ұстап, онды-салды қарпиды, яғни киізді алдымен бірыңғай оңға қарай жұлқа серпіп, екінші кезекте солға қарай серпиді. Қарпу барысында киіз шетінен қысып ұстап отырғандардың қолдары оңнан солға қарай жылжи береді. Қарпылған киіздің шет-шеті жинақталып тегістеледі, екі жақ бетіндегі кірікпей бос қалған қылшықтар түседі. Қарпу үстінде киіздің бүктеуін әр кезек ауыстырып отырады. Қарпу бірер сағатқа созылады. Қарпуға ересек әйелдер қатыстырылған.

Ұзындау – басылған киізді ұзынынан ширатып алып, білектеу тәсілін қайталай отырып ұзындығын шығару. Білектеу мен қарпудан кейін киіз кірігіп, ширай түскендіктен, оның көлемі шағындалады. Сондықтан оны ұзындау қажет болады. Киізді ұзындау тәсілі білектеуге ұқсас болып келеді, алайда ұзындаған кезде киізді жіппен шандымайды, тек ұзынын шығара созғылап, есіп шиыршықтайды да, алдымен бір жақ шетінен білектеп отырып екінші басына жеткізеді. Одан соң екінші басын тағы да білектей отырып бірінші басына

дейін жеткізеді. Сонда киіздің көлемі ұлғайып, созыла түседі. Ұзындау жұмысы 10-20 минутқа созылады. Білектеу мен ұзындау кезінде киіздің екі жақ басына жуан ағаш сияқты нәрселерден тиянақ қойылса, киіздің ұзына бойының екі жақ шеті олпы-солпы болмай, тегіс болып шығады.

Кірлеу – қарпылып, ұзындалып болғаннан кейін киізді ұзынынан төрт қабаттап бүктеп, бір басынан бастап шиыршықтап дөңгелектеп, белінен жіппен буып байлап биіктеу жерге немесе биіктеу тақтайдың үстіне қойып су құйып тазарту. Киізді кірлегенде мүмкіндігінше өзен, арық не бұлаққа таяу жерге қояды. Мұндайда суды киіз әбден тазарып шыққанша құяды. Кірленген киіз шуашынан, кірінен тазарып, өңі ашылады. Содан кейін суы сорғыған кезде оны күнге жайып кептіреді. Кепкен киізді сыпырып, қыл-қыбырынан арылтып, қажетіне қарай пайдалана береді.

Киіз пісіру – бос басылған немесе бірер мезгіл ұстағанда босап, болбырағандығы байқалған яки біраз уақыт кесек киіз күйінде пайдалануда болып созылған киізді үйге жабарда, аяққап, киіз есік, сырмақ жасарда оны қайта басу; бос киізді шиге салып, ыстық су құйып білектеу [8.].

Бұны **киіз пісіру** деп атайды. Киізді шымырландыра түсу үшін бес ретке дейін оң және теріс бетін төгіп орап, білектеп, ұзындайды. Көбірек білектелген сайын киіз шымырлана түседі. Түтелеңбей, тығыз, қатты басылған киізді **қайрақтай киіз** екен деп сипаттайды. Жақсы басылған киіз-

дер бүктеген кезде қол қайтарып тұрады. Пісуі жетпегенінің белгісі – киіз болбырап, бос жатады, онай түтелеңеді.

Қорыта айтқанда, қазақ тұрмысында киіз басу маңызды рөл атқарған. Киіз басу өнері фольклормен бірге халықтың білімін, тәжірибесін, даналығы мен философиясын сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін құрал болып табылған.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақ өнерінің тарихы. – Алматы: Өнер, 2007. 2-т. – 392 б.
2. *Красовский М.* Область сибирских киргизов. Ч. 1. СПб., 1868. – 118 б.
3. *Словцов И. Я.* Путевые записки веденные во время поездки в Кокчетавский уезд Акмолинской области // Записки Западно-Сибирского отдела РГО. – Омск, 1897. Кн. 21. – 198 б.
4. *Ысқаққызы Ә.* Сырмақ өнері. – Алматы: Алматыкітап, 2007. – 232 б.
5. *Қасиманов С.* Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Қазақстан, 1969. – 248 б.

Резюме

Статья посвящена этнолингвистическому описанию народной лексики в казахском языке связанные с женским рукоделием.

Summary

This article examines ethnolinguistic description of national lexicon in Kazakh language related to female needlework.